



CENTER FOR
ANALYTICAL
RESEARCH &
EVALUATION



Erasmus+

Jean Monnet Modules

**« ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ МЕН ҰЛТТЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ »**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференцияның
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-
практической конференции**

**«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ
ВЫСОКОГО КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И
НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific
and practical conference**

**«STATE AUDIT IN ENSURING THE HIGH QUALITY OF
LIFE OF THE POPULATION AND NATIONAL
SECURITY»**

АСТАНА 2023

УДК 657(069)
ББК 65.052.21
С 23

С Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference «State audit in ensuring the high quality of life of the population and national security» = «Халықтың өмір сүру сапасы мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Астана: - 497 б.

ISBN 978-601-337-851-0

Жинаққа мемлекеттік аудит органдары қызметкерлерінің, ғылыми қызметкерлердің, ғалым-экономистердің, қаржы саласы және мемлекеттік аудит мамандарының, профессор-оқытушылар құрамының және білім алушылардың халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of employees of state audit bodies, researchers, economists, specialists in the financial sector and state audit, faculty and students on topical issues of state audit in ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады работников органов государственного аудита, научных работников, ученых-экономистов, специалистов финансовой сферы и государственного аудита, профессорско-преподавательского состава и обучающихся по актуальным вопросам государственного аудита в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности

ISBN 978-601-337-851-0

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023

9. Groszyk J. (2022). Rolnictwo ekologiczne w Polsce w kontekście strategii unijnych, Infos nr 4(296). Available at: [http://orka.sejm.gov.pl/WydBAS.nsf/0/3D020D3FB88B94ACC125881D00386CF8/\\$file/Infos_296.pdf](http://orka.sejm.gov.pl/WydBAS.nsf/0/3D020D3FB88B94ACC125881D00386CF8/$file/Infos_296.pdf).

10. Marszałek A. (2018). Rolnictwo i żywność ekologiczna jako szansa dla zrównoważonego rozwoju obszarów wiejskich. Uniwersytet Ekonomiczny w Krakowie, Wydział Towaroznawstwa i Zarządzania Produktem. Problemy Drobnych Gospodarstw Rolnych, Nr 4, 51–68. DOI: <http://dx.doi.org/10.15576/PDGR/2018.4.51>.

ИТАЛИЯ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖОҒАРЫ АУДИТ ОРГАНДАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Серікқызы Т.

«Мемлекеттік аудит» БББ 2 курс студенті

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.,

Қазақстан Республикасы

E-mail: serikovatalsyn01@gmail.com

Ғылыми жетекші Бейсенова Л.З.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.,

Қазақстан Республикасы

Қазақстанның өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында, дамып келе жатқан қоғамның іргетасы тек қана осы заманғы, бәсекеге қабілетті және ашық нарық экономикасы бола алады. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдің қатарына кірудің бірінші басымдығы әлемдік экономикаға ойдағыдай кіруі болып табылады. Осыған орай, еліміз мемлекеттік аудит саласын дамыту мақсатында көптеген дамыған озық елдердің, соның ішінде Еуропа елдерінің тәжірибесіне жүгінеді. Зерттеу жұмысының мақсаты Италия елінің мемлекеттік аудит жүйесін Қазақстанның мемлекеттік аудитімен салыстыру. Зерттеу барысында Италияның Есеп палатасының басты тұстарына назар аударып отырып, оның құрылымын мен негізгі міндеттерін және экономикадағы озық тәжірибелері ашып көрсетілді. Қазақстандық экономика мен мемлекеттік аудит жүйесі арасында салыстыру арқылы талдаулар жүргізілді.

В преддверии нового рывка в собственном развитии Казахстана фундаментом развивающегося общества может быть только современная, конкурентоспособная и открытая рыночная экономика. Первоочередной задачей для Казахстана стать одной из самых конкурентоспособных стран мира является правильное вхождение в мировую экономику. В связи с этим наша страна обращается к опыту многих передовых стран, в том числе стран Европы, для развития сферы государственного аудита. Цель исследовательской работы – сравнить систему государственного аудита Италии с государственным аудитом Казахстана. В ходе исследования, акцентируя внимание на основных моментах

Счетной палаты Италии, были раскрыты ее структура и основные задачи и лучшие практики в экономике. Анализы проводились путем сравнения казахстанской экономики и системы государственного аудита.

On the eve of a new breakthrough in Kazakhstan's own development, only a modern, competitive and open market economy can be the foundation of a developing society. The primary task for Kazakhstan to become one of the most competitive countries in the world is the correct entry into the world economy. In this regard, our country is turning to the experience of many advanced countries, including European countries, to develop the sphere of state audit. The purpose of the research work is to compare the system of public audit of Italy with the public audit of Kazakhstan. In the course of the study, focusing on the main points of the Italian Accounts Chamber, its structure and main tasks and best practices in the economy were revealed. The analyzes were carried out by comparing the Kazakh economy and the state audit system.

Кілт сөздер: мемлекеттік аудит, Италия Есеп соты, ҚР Жоғары аудиторлық палатасы, құрылымдық жүйе, юрисдикциялық және қадағалаушы бөлімдер, департаменттер

Ключевые слова: государственный аудит, Счетная палата Италии, Высшая аудиторская палата Республики Казахстан, структурная система, судебно-надзорные органы, департаменты.

Key words: state audit, Italian Accounts Chamber, Supreme Accounts Chamber of the Republic of Kazakhstan, structural system, judicial and supervisory authorities, departments.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Мемлекеттік аудит» кафедрасының ұйымдастыруымен Еуропалық Одақтың «Эразмус+» бағдарламасы аясында «Жан Моне – Евроаудит» кафедрасы қысқы мектебі осы жылдың 06 ақпаны мен 20 наурызы аралығында мемлекеттік аудит мамандығының бакалавр, магистратура және докторантура студенттерінің білім аясын кеңейту мақсатында жүргізілген болатын. Бұл мемлекеттік аудит бойынша шетел тәжірибесімен танысуға, сонымен қатар Еуропа елдерінің мемлекеттік аудит жүйесін зерттеуге қолайлы мүмкіндіктердің бірі болды. Алты апта ішінде дамыған елдердерің, оның ішінде Франция, Дания, Италия, Испания, Швеция, Германия, Австрия, Белгия, Финляндия, Польша және Руминия т.б елдерінің экономикасымен және мемлекеттік аудит саласындағы тәжірибелерімен таныса отырып, оларды Қазақстандағы мемлекеттік аудит жүйесімен салыстырып талдауға жағдай жасады. Солардың ішінде Италия елінің тәжірибесінің маңызы зор, себебі ол біздің елімізге ұқсас болып келеді.

Есептер соты (итал. Corte dei conti) – Италияның Есептер соты, Италия Конституциясының 100 және 103-баптарымен бекітілген конституциялық маңызы бар мекеме, үкіметтің қосалқы институттарының қатарына жатады. Есеп палатасы консультативтік, бақылау және юрисдикциялық функцияларды жүзеге асырады.

Есеп палатасы Италия мемлекеті өмір сүрген алғашқы жылдардан бастау алады. Ол 1862 жылғы 14 тамыздағы № 800 заңымен мемлекеттік басқаруды

қадағалау мақсатында құрылды және 1862 жылы 10 қазанда Туринде салтанатты түрде ашылды. [1]

Италияның бірігуіне дейін бірнеше мемлекеттік қаржыны бақылайтын мекемелер аустырылған. Олар туралы мәліметті 1-кестеден көре аламыз.

Кесте 1.

Италия елінің бірігуіне дейінгі мемлекеттік қаржыны бақылайтын мекемелер түрлері

№	Құрылған уақыты	Мемлекеттік қаржыны бақылайтын мекемелер
1	1351 жылы	Савой Герцогтігінің және кейінірек Сардиния Корольдігінің Есеп палатасы (Camera dei conti)
2	1859 жылғы	Итальяндық институт үлгісіндегі Есеп соты (Corte dei conti)
3	1771 жылы	Ломбардия-Венеция Корольдігінің Есеп палатасы (Camera dei conti)
4	1444 жылы	Неаполь Корольдігінің Аудит Соты (Regia Corte dei Conti)

Ескерту: Автормен құрастырылған.

Есеп палатасының қызметін реттейтін ережелер күрделі. 1934 жылғы 12 шілдедегі № 1214 Король Жарлығының маңызы ерекше. Ол 1994 жылғы 14 қаңтардағы N 20 Заңымен және 1996 жылғы 20 желтоқсандағы N 639 Заңымен. Сондай-ақ 2000 жылғы № 205 Заңымен өзгертілді.

Есеп палатасының орталық және аймақтық бөлімшелері бар. Сотты тұтастай алғанда Есеп палатасының Төрағасы басқарады. Президент Есеп соты Президентінің Кеңесіне төрағалық етеді, оның өкілеттігі аз, бірақ қарапайым сот корпусы үшін Сот билігінің Жоғары Кеңесінің Есеп сотының Магистратурасының баламасы болып табылады. Есеп палатасының төрағасының кеңесі Римде орналасқан.[2]

Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы – Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін, сыртқы мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың жоғары органы болып табылады.

2016 жылдан бастап Есеп комитеті республикалық бюджет жобасын алдын ала бағалауды жүзеге асырады. Бұл алдын алу шараларын қабылдау арқылы бюджеттің тиімсіз шығындарын одан әрі төмендетуге мүмкіндік береді. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Есеп комитеті Жоғары аудиторлық палата етіп қайта құрылған болатын. Бұл ретте парламенттік бақылау күшейтілді. Мұндай тәжірибе жекелеген батыс елдерінде бар.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті (қазіргі Жоғары аудиторлық палатасы) – [ҚР Президентінің 1996](#) жылғы 19 сәуірдегі қаулысымен құрылды. [ҚР Президентінің 2002](#) жылғы 5 тамыздағы қаулысымен Есеп комитеті туралы ереже бекітілді. Ережеге сәйкес Есеп комитеті республикалық бюджеттің атқарылуына сыртқы бақылауды жүзеге асырған және ҚР Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін мемлекеттік орган болып табылды. Есеп комитетінің құрылымын төраға, мүшелері және Есеп комитетінің аппараты құрады.

Есеп комитеті республикалық бюджеттің атқарылуына сыртқы бақылауды жүзеге асырған және ҚР Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін мемлекеттік қаржы бақылауының жоғары органы болып табылды. Есеп комитетінің құрылымын Есеп комитетінің төрағасы, мүшелері және аппараты құрады. Қазіргі таңда барлық құзыреттілігі мен атқарылуы тиіс міндеттерін Жоғары аудиторлық палатасы атауымен жалғастыруда. [3]

Екі жоғары аудит органдарының да құрылымдық жүйесі ерекше болып келеді. 2-кестеде Италияның Есеп палатасы мен ҚР Жоғары аудиторлық палатасы құрылымы туралы мәліметтер көрсетілген.

Кесте 2.

Италия Есеп палатасы мен ҚР Жоғары аудиторлық палатасы құрылымы

№	Италия «Есеп палатасы»	Қазақстан «Жоғары аудиторлық палатасы»
1	2	3
1	Есеп палатасының төрағасы	Жоғары аудиторлық палатасының төрағасы
2	Есеп палатасының Бас прокуроры, Сот төрағасының орынбасары. аудитор (немесе аға бөлім басшысы)	Жоғары аудиторлық палатасының 8 мүшесі
3	Төрт сайланған азамат және төрт магистрат	
4	Аудит сотына жақын Римде орналасқан юрисдикциялық апелляцияның үш орталық бөлімі және Палермода орналасқан Сицилия аймағына арналған юрисдикциялық апелляция бөлімі.	Тоғыз департаменті: <ul style="list-style-type: none"> • Экономиканың нақты секторына аудит жүргізу; • Мемлекеттік басқаруға аудит жүргізу; • Әлеуметтік салаға және құқықтық тәртіпке аудит жүргізу; • Талдау және есептілік; • Жоспарлау және даму; • Әдіснама және сапа бақылауы ; • Халықаралық ынтымақтастық; • Сертификаттау және ұйымдастыру жұмысы; • Заң.
5	Есеп палатасының қағидаттық және юрисдикциялық қайшылықтар мәселелерін шешетін бірлескен бөлімшелері: <ul style="list-style-type: none"> • Сардиния үшін (Кальяриде орналасқан); • Сицилия үшін (Палермода орналасқан); • Трентино Альто Адидже үшін (Римде орналасқан). 	Үш секторы: <ul style="list-style-type: none"> • Мемлекеттік құпиялар секторы; • Персоналды басқару секторы; • Қаржы және материалдық камтамасыз ету секторы.
6	Он алты юрисдикциялық аудит аймағының әрқайсысы үшін юрисдикциялық бөлімдер мен аудит	Қарамағындағы ұйым: «Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» ЖШС

	департаменттері, сондай-ақ аймақтық прокуратура: Пьемонт, Ломбардия, Венеция, Лигурия, Эмилия-Романья, Тоскана, Лацио, Марке, Умбрия, Абруццо, Молизе, Кампания, Апулия, Базиликата, Калабрия Валле-д'Аоста.	
Ескерту: [3] [4] әдебиеттер негізінде автормен құрастырылған.		


2- кестеде көрсетілген мәліметтерге қарап Италия елінің Есеп палатасы ҚР Жоғары аудиторлық палатасынан құрылымы жағынан күрделі әрі ауқымды екенін байқауға болады.

Сонымен қатар, Италияда Сот орталық деңгейде де, аумақтық деңгейде де юрисдикциялық және қадағалаушы бөлімдерге бөлінеді. Бірліктер ел бойынша біркелкі таралмаған. Есеп палатасымен қатар орталық деңгейде Бас Прокурор мен Бас Прокурордың жиырма орынбасары басқаратын Тексерулер жөніндегі Бас прокуратура жұмыс істейді. Атап айтқанда, Сицилия аймағының апелляциялық юрисдикция департаменттеріндегі Бас прокуратура Бас Прокурордың орталық аудит қызметінің Сицилия филиалы ретінде қарастырылады.

Орналасқан жері басқа аймақтар да бар. Бұл ерекше мәртебеге ие аймақтар:

- Трентино-Альто-Адидже екі автономиялық провинцияның әрқайсысы үшін бөлімшелері бар (Трентино);
- Юрисдикциялық бөлімшесі, облыстық прокуратурасы, аймақтық қадағалау департаменті және Римде орналасқан бірлескен департаменті бар (Оңтүстік Тироль);
- Римде орналасқан юрисдикциялық департаменті, аймақтық прокуратурасы, жергілікті қадағалау бөлімі және бірлескен бөлімі бар (Trento);
- Friuli Venezia Giulia, юрисдикциялық департаменті, облыстық прокуратурасы, аймақтық бақылау департаменті және Удинедегі филиалы бар;
- Сардиния, Юрисдикциялық бөлімі, Аймақтық прокуратура, Аймақтық бақылау бөлімі және Кальяриде орналасқан Біріккен бөлімшесі;
- Сицилия, юрисдикциялық бөлімшесі, аймақтық прокуратурасы, аймақтық қадағалау бөлімі, юрисдикциялық апелляциялар бөлімі және Палермода орналасқан бірлескен бөлімшесі бар. [4]

Аталмыш екі органның да атқарылуы тиіс негізгі міндеттері бар. Ол туралы мәліметтер 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1. Италия Есеп палатасы мен ҚР Жоғары аудиторлық палатасының негізгі міндеттері

1-суретте көрсетілген мәліметтерге сәйкес Италия Есеп палатасы мен ҚР Жоғарғы аудиторлық палатасының негізгі міндеттері тікелей мемлекеттік қаржылық есептілік және бюджет саласындағы реттілікті жүзеге асыруға бағытталған.

Италияда мемлекеттік кәсіпорындардың көпшілігі акционерлік қоғам ретінде тіркелген коммерциялық құрылымдар болып табылады. Мұнда олар жалпы капиталды тиімді пайдалануға, қосымша құн көрсеткішінің өсуіне назар аударады. Осыған сәйкес, мемлекеттік органдарға бұл көрсеткішті қадағалауға мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп шаралары бар. Сонымен қатар, негізінен инвестиция көлемі бойынша артықшылыққа байланысты, т.б. мемлекеттік компаниялар жеке компанияларға қарағанда орта есеппен жаңартылған және техникалық жағынан заманауи болып келеді.

Әртүрлі елдердегі мемлекеттік активтерді басқарудың халықаралық тәжірибесі оларды Қазақстанда қолдану үшін бірнеше негізгі қорытындылар береді.

✓ Салыстырмалы түрде аз мөлшердегі ірілерді басқаруды ұйымдастыру қажет;

✓ Мемлекеттік кәсіпорындар, ұқсас кәсіпорындарды біріктіру және біріктіру, шағын кәсіпорындарды жекешелендіру. Жыл сайын қызмет мақсаттарын белгілеп, осы мақсаттарға қол жеткізуді бақылау және бағалау қажет. Сонымен бірге компанияның құны барлық қолда бар әдістермен өлшенуі керек. Оның ішінде қор биржасының листингін, баланстық құнын, қосылған құнның есебін, дисконтталған дивидендтерді, кірістерді немесе ақша ағындарын

пайдалану арқылы. Мұндай озық тәжірибелер Еуропа елдерінде, соның ішінде Италия елінде байқалады.

Қорытындылай келе, Қазақстан жағдайында Еуропа елдерінің, соның ішінде Италия елінің тәжірибесі ең қолайлы екенін атап өткен жөн. Яғни, Италия елінің мемлекеттік аудит жүйесі тәжірибесі мен жоғары аудит органдарының құрылымы біздің еліміз үшін үлгі болып табылады және дамыған ел ретінде біздің еліміздің экономикасын дамытуға көмек береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Исахметов Т.И., Жаздықбаева Д.П. Халықаралық аудит. Оқулық. – Алматы, 2022
2. Абленов Д.О. Аудит: теория и практика: Оқулық. – Алматы: Экономика, 2005.
3. Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасының ресми сайты [Электрондық ресурс] <https://www.gov.kz/memleket/entities/esep?lang=kk>
4. «Италияның саяси жүйесі туралы мәлімет» сайты [Электрондық ресурс] <https://rel.kz/italiyany-sayasi-zh-jesi-turaly-m-limet/>

NEET: ГЛОБАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЦИФРОВОГО ПОКОЛЕНИЯ

Нурланова М.М.

Главный эксперт-аналитик
Центр исследований, анализа и оценки эффективности
Высшей аудиторской палаты Республика Казахстан
E-mail: umarken@mail.ru

Аннотация. В статье рассмотрены особенности общие тенденции молодежного рынка труда, на котором появляется «цифровое поколение». Приводится европейский опыт аудита эффективности государственной политики занятости в ракурсе безработицы среди молодежи NEET и эффективности системы образования. Рассмотрены очевидные последствия игнорирования проблем молодежи NEET на примере событий «арабской весны» 2010-х годов. Оцениваются отдельные меры государственной политики занятости, направленные на молодежь NEET, предпринятые в рамках реализации госпрограммы Еңбек.

Мақалада «цифрлық ұрпақ» пайда болатын жастардың еңбек нарығының жалпы тенденцияларының ерекшеліктері қарастырылады. NEET жастардың жұмыссыздығы және білім беру жүйесінің тиімділігі тұрғысынан мемлекеттік жұмыспен қамту саясатының тиімділігін тексерудің еуропалық тәжірибесі келтірілген. NEET жастарының проблемаларын елемеудің айқын салдары 2010 жылдардағы «араб көктемі» оқиғаларының мысалында қарастырылады. «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде қабылданған NEET